



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2018 жылғы

Мамыр 2019

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2019 жылғы 31 наурыз. 2016-2017 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2019 жылғы 31 наурыз.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-40 (төлем балансы)

(727) 270-49-38 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық пошта: omi@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы төлем балансы.....	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	16
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	17
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсыным, негізгі баптар.....	18
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным	19
5. Қазақстан Республикасының төлем балансының абсолютті және салыстырмалы өлшемдері.....	27
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	29
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	34
I.3. Қазақстан Республикасының 2017 және 2018 жылғы сыртқы сауда айналымы	37
I.4. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	38
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	39
I.6. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	40
I.7. 2017-2018 жж. бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша ҚР-ның халықаралық қызмет балансы	41
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	43
I.9. Қазақстан Республикасының 2018ж. елдер бөлігіндегі қызмет түрлері бойынша қызметтермен сыртқы саудасы	44
I.10. Бастапқы кірістердің балансы	53
I.11. Қайталама кірістердің балансы	54
I.12. 2017-2018 жылдардағы жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	55
I.13. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	56
I.14. Қысқамерзімді капитал ағындары	57
I.15. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	58
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	59
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным	64
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	69
3. Қазақстандық банктердің 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	71
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	72
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	74
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызметі және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	78
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің соңындағы позиция.....	81
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	82
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	83
II.4. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны.....	84

II.5. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	86
II.6. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	88
II.7. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	90
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 қаңтардағы сыртқы борышы	91
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	96
2. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері	98
3. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі.....	99
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	100
5. Сыртқы борыштың жағдайы: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	102
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	103
7. Сыртқы борыштың жағдайы: Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	104
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	105
9. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	108
10. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	110
11. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	111
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	112
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келісу	113
14. 2018 жылы жасалған қаржылай қарыздар шарттары бойынша мемлекеттік емес сырттан қарыз алуға жүргізілген мониторингтің нәтижелері	114
III қосымша. Қазақстан Республикасының төлем балансына және халықаралық инвестициялық позициясына өткен кезеңдерде енгізілген негіздердің тізбесі.....	133
IV қосымша. Статистикалық әдіснама	
IV.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	136
IV.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	142
IV.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	148
IV.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамасына өтуі туралы	152
IV.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	154

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және бейрезиденттер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.

Төлем балансының 2018 жылғы жай-күйі бір жағынан алғанда мұнайдың әлемдік бағасының барынша қолайлы конъюнктурасымен, ал басқа жағынан алғанда жағымсыз сыртқы факторлардың әсер етуімен теңгенің долларға қатысы бойынша әлсіреумен айқындалды, бұл отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін сақтауға және импортты тежеуге мүмкіндік жасады.

2018 жыл ішінде мұнайдың бағасын белгілеу Brent сұрыпты мұнайдың бір баррелі үшін қазан айында 85 АҚШ долл. (бұдан әрі – долл.) шегіне жет отырып, тұрақты өсуін көрсетті. Алайда қарашада

мұнай бағасының қарқынды құлдырауы болды және жылдың соңында бір баррель үшін 50 долл. сәл жоғары белгіге жетті.

Қолайлы сыртқы конъюнктура төлем балансының көрсеткіштеріне оң әсер етті. Энергия тасымалдауыштарының бағасын қалпына келтірудің әсер етуімен сауда профицитінің ұлғаюы ағымдағы операциялар шотының жай-күйінің айтарлықтай жақсаруына себепші болған басты фактор болды. Ағымдағы операциялардан түсетін кірістердің негізгі бабы тауар экспортынан түсетін түсімдер іс жүзінде ағымдағы шығыстарды теңестірді.

1- кесте

Қазақстанның сыртқы секторының негізгі көрсеткіштері

	2014	2015	2016	2017	2018
Ағымдағы операциялар шотының сальдосы (млрд. АҚШ долл.)	6,1	-6,0	-8,1	-5,1	-0,05
- ЖІӨ-нің %-ы	2,8	-3,3	-5,9	-3,1	-0,03
Тауарлар мен қызметтер экспорты (кезеңдегі млрд. АҚШ долл.)	86,1	51,0	41,6	53,8	66,9
- ЖІӨ-нің %-ы	38,9	27,7	30,3	33,0	39,2
Тауарлар мен қызметтер импорты (кезеңдегі млрд. АҚШ долл.)	56,3	44,1	36,1	40,7	45,1
- ЖІӨ-нің %-ы	25,4	23,9	26,3	25,0	26,5
Шетелдік тікелей инвестициялар (нетто-әкеліну) (кезеңдегі млрд. АҚШ долл.)	4,7	3,3	13,7	3,8	4,9
ЖІӨ-нің %-ы	2,1	1,8	10,0	2,3	2,9
ҚРҰБ халықаралық резервтері (кезең соңындағы млрд. АҚШ долл.)	29,2	27,9	29,7	31,0	30,9
- тауарлар мен қызметтер импортының айларымен	6,2	7,6	9,9	9,1	8,2
ҚР Ұлттық қоры (кезең соңындағы млрд. АҚШ долл.)	73,2	63,4	61,2	58,3	58,0
Мұнай және газ конденсатының экспорты (млн. тонна)	68,2	63,6	62,2	68,7	69,8
Brent сұрыпты өңделмеген мұнайдың әлемдік бағасы (спот USD/баррель, бір жылдағы орташа)	98,9	52,4	44,0	54,4	71,1
KZT/USD биржалық айырбастау бағамы (кезеңдегі орташа)	179,49	222,51	342,17	325,95	344,89
Нақты тиімді айырбастау бағамы индексінің өзгеруі (өткен жылдың желтоқсанына %-бен)	6,2	-29,9	6,1	-2,4	-1,6
Анықтама үшін:					
Ағымдағы бағалармен ЖІӨ(млрд. АҚШ долл., кезеңдегі)	221,4	184,4	137,3	162,9	170,5
- нақты өсу (%)	4,2	1,2	1,1	4,1	4,1


ЖІӨ нақты өсу қарқыны сақталған кезде ағымдағы операциялардың дефициті 2017 жылғы 3,1% дефицитпен салыстырғанда ЖІӨ қатысы бойынша небәрі 0,03%-ды құрады (1-кесте).

Мұнай бағасының өсуі нәтижесінде экспорттық түсімдердің ұлғаюы шетелдік инвесторларға кірістер төлеудің жоғары болуымен қатар жүрді, бұл ағымдағы шот дефицитінің қысқару қарқынын тежеді. Алайда, шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің айтарлықтай бөлігі елде қалды және шетелдік инвесторлардың Қазақстандағы өздерінің еншілес, бірінші кезекте мұнайгаз саласындағы кәсіпорындарын қаржыландыруға бағытталады. Тікелей инвестициялау операциялары ағымдағы шоттың жай-күйіне оның нашарлау жағдайына қарай қысым болуының негізгі себебі болып табылады, бірақ сонымен қатар оны қаржыландыру көздерінің бірі болып табылады.

Қаржы операциялары шоты бойынша қаржы міндеттемелерінің қысқаруы қаржы активтерінің төмендеуінен асты, бұл капиталдың таза әкетілуін немесе «қалған елдердің таза кредиттеуін» білдіреді. 2014-2017 жылдардағы қаржы ресурстарының нетто-әкелінуі кезінде 2018 жылдың нәтижесі бойынша елден капиталдың таза әкетілуі 2,6 млрд. долл. болды. Әкетілу портфельдік және басқа инвестициялар бойынша негізделді, ал тікелей инвестициялау операциялары сыртқы қаржыландырудың негізгі көзі болып қалады.

Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі есепті кезеңде 24,3 млрд. АҚШ долл. құрай отырып, 2017 жылғы деңгейде ұлғайды. Сонымен бірге, есепті жылға бейрезиденттерге төлем балансында капиталды алу ретінде жіктелетін супердивидендтер төлеу, сондай-ақ резиденттердің ШТИ бойынша міндеттемелердің өсуін өтеген үлестес тұлғалар алдындағы фирмааралық берешектерді өтеуі тән болды. Нәтижесінде ШТИ бойынша

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



міндеттемелердің таза өсуі небәрі 208 млн. долл. болды.

Портфельдік инвестициялар бойынша ресурстардың әкетілуі ең алдымен, есепті жылдың басында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тың өз акцияларын және ауқымды депозитарлық қолхаттарды сатып алуы және Қазақстан эмитенттерінің өз еурооблигацияларын өтеуі нәтижесінде портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің төмендеуімен байланысты. Басқа инвестициялар бойынша нетто-әкетілу басым түрде резиденттердің шетелдік активтерінің өсуі есебінен 4,7 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты.

Қаржы операциялары шоты бойынша ағымдағы шығыстардың және ресурстар әкетілуінің ұлғаюы жағдайында елдің жинақталған ресми резервтері Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерімен бірге 2018 жылдың соңында 88,9 млрд. АҚШ долл. немесе ІЖӨ-ге қатысы бойынша 52,1%-ды құрай отырып барынша жоғары деңгейде қалды.

Ағымдағы операциялар шоты

2018 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы операциялар шоты 2017 жылғы 5,1 млрд. долл. дефицитпен салыстырғанда 51,7 млн. долл. шамалы дефицитпен қалыптасты (1-диаграмма), бұл ретте 4-тоқсанда ағымдағы шоттың сальдосы оң болып қалыптасып, 1,5 млрд. долл. құрады.

2- кесте

Ағымдағы түсімдер және ағымдағы төлемдер құрылымы

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018	2018			
				1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.	4-тоқ.
Ағымдағы түсімдер	45528,1	58342,8	71836,0	16244,5	17821,4	18700,2	19069,9
Тауарлар экспорты	35485,8	47301,0	59630,1	13584,0	14658,5	15363,1	16024,5
Қызмет көрсету экспорты	6084,5	6504,9	7274,9	1583,1	1887,5	2005,5	1798,7
Алуға бастапқы кірістер	2256,3	2448,3	2611,4	619,1	667,6	682,3	642,3
Алуға қайталама кірістер	1701,5	2088,6	2319,6	458,3	607,8	649,2	604,3
Ағымдағы төлемдер	53660,2	63444,6	71887,7	17137,5	18290,0	18920,1	17540,1
Тауарлар импорты	26232,4	30573,2	33271,2	7391,7	8279,4	8834,9	8765,2
Қызмет көрсету импорты	9846,9	10082,6	11870,7	2507,5	2910,6	3294,1	3158,4
Төлеуге арналған бастапқы кірістер	15706,6	20596,9	24698,6	6801,9	6510,7	6294,0	5092,0
Төлеуге арналған қайталама кірістер	1874,2	2191,9	2047,3	436,4	589,2	497,1	524,5
Ағымдағы шот сальдосы	-8132,1	-5101,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1529,8

2018 жылы резиденттердің кірістер мен шығыстарының ұлғаюы төленетін қайталама кірістердің қоспағанда, ағымдағы операциялар шотының барлық негізгі құрауышы бойынша болды. Ағымдағы түсімдердің құрылымында тауарлар экспортының құндық көлемі бойынша, ал төлемдердің ең үлкен көлемі тауарлар импорты және бейрезиденттерге инвестициялық кірістер төлеу бойынша болды (2-кесте).

Ағымдағы шоттың жай-күйі өткен жылмен салыстырғанда сауда балансының оң сальдосының өсуіне себепші болды, ол 26,4 млрд. долл. (2017 жылы 16,7 млрд. долл.) болды. Бұл ретте 2018 жылғы 4-тоқсанда сауда балансының оң сальдосы бірінші рет 2014 жылдан бастап 7 млрд. долларға артты.

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда 2018 жылы бір баррель үшін 71,7 доллар болып қалыптасты, бұл 2017 жылға қарағанда 30,7%-ға (бір баррель үшін 54,4 долл.) көп. Нәтижесінде төлем балансын жіктеу бойынша тауарлар экспорты бір жылда 26,1%-ға немесе 12,3 млрд. долларға ұлғайып, 59,6 млрд. доллар болды, Тауарлар импорты төлем балансының жіктеуі бойынша 8,8%-ға ұлғайып, 33,3 млрд. долл. болды.

Тауарлардың ресми экспорты 2018 жылы 25,7%-ға ұлғайып, 61,0 млрд. долл. болды. Мұнай және газ конденсаты

экспортының құны (жалпы экспорттан 62,0%) көбінесе келісімшарт бағасының өсуі есебінен 42,2%-ға өсті. Қара металдар экспорты 0,8%-ға, түсті металдар экспорты – 11,9%-ға аздап төмендеді. Астық экспорты 1,6 есе ұлғайды.

Тауарлардың ресми импорты 32,5 млрд. долларға дейін 9,9%-ға өсті. Импорт құнының өсуі негізгі тауарлық номенклатураның барлық топтары бойынша болды. Инвестициялық тауарларды әкелу бойынша ең көп ұлғаю (ресми импорттан 37,0%) 17,3% болды. Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импорты 6,5%-ға өсті. Тұтынушылық тауарлар бойынша ресми импорттың құны 5,2%-ға ұлғайды, оның ішінде азық-түлік тауарларын әкелу 3,4%-ға, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,5%-ға өсті.

Импорттың өсімі қарқынының төмендеуі негізгі сауда әріптестер – Ресей және Қытай бойынша болды. Осы елдерден импорттың ұлғаюы тиісінше 5,6% және 14,7% болды. Бұл ретте Ресейдің ресми импорттың жалпы көлеміндегі импорттың үлес салмағы 39,6%-дан 38,1%-ға дейін қысқарды, ал Қытайдың үлесі 15,9%-дан бастап 16,5%-ға дейін өсті.

Халықаралық қызметтер балансының тапшылығы 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 28,5%-ға ұлғайып, 4,6 млрд. долл. болды. Тапшылықтың ұлғаюы қызмет көрсету

экспорты 11,8%-ға ұлғайған кезде қызмет көрсету импортының 17,7%-ға айтарлықтай өсуі есебінен болды.

Қызмет көрсету экспорты 2017 жылмен салыстырғанда 770 млн. долларға ұлғайып, 7,3 млрд. долл. болды. Қызмет көрсету экспортының жартысынан астамын – көлік қызметі 4,0 млрд. долларға жуығын құрайды. Отандық көлік компанияларының республиканың аумағы арқылы мұнай және газ құбыр транзиті бойынша қызметі (көлік қызметі экспортынан 58,1% немесе қызмет көрсетудің жалпы экспортынан 31,8%) 2017 жылмен салыстырғанда 9,6%-ға (немесе 203 млн. долларға) ұлғайып, 2,3 млрд. доллар болды. Қызмет көрсету экспортының өсімі бейрезиденттердің Қазақстанға сапарлары шығыстарының 5,6%-ға (қызмет көрсету экспортынан 31%) ұлғаюымен немесе 119 млн. долл., және отандық авиатасымалдаулар кірістерінің екі еседен астам немесе 190 млн. долларға өсуімен қамтамасыз етілді – жолаушы авиатасымалдау кірістері 2018 жылы 359 млн. долл. (2017 жылы 169 млн. долл.) болды. Ұлттық авиатасымалдаудың жаңа талап етілетін бағыттарының дамуы және жұмыс істейтін бағыттарының жиілігінің ұлғаюы өсу себептерінің бірі болып табылады. Бұдан басқа, есепті кезеңде бейрезиденттердің қазақстандық кәсіпкерлердің жабдықты және вагондарды жалға алу шығыстарының 1,6 есе немесе 78 млн. долларға ұлғаюы тіркелді.

Халықаралық қызмет көрсету импорты 2017 жылмен салыстырғанда 1,8 млрд. долларға ұлғайып, 11,9 млрд. долл. болды.

Халықаралық қызметтер импортының құрылымында басқа да іскерлік қызметтерге шығыстар 25,3%-ға немесе 1,0 млрд долларға өсті, ол қызметтер импорты жалпы көлемінің 42,3%-ын құрады және негізінен бейрезиденттердің республика аумағындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуымен

байланысты. Осы қызметтердің импорты құрылымында неғұрлым айтарлықтай үлес архитектуралық және инженерлік-техникалық қызметтерге (60,1% немесе 3,0 млрд доллар) және бизнес пен басқаруға (26,8% немесе 1,3 млрд доллар) консультация бойынша қызметтерге тиесілі.

Сол сияқты резиденттердің бейрезиденттердің көлік қызметтеріне ақы төлеу шығыстарының 16,4% немесе 285 млн долларға өсуі байқалды. Көлік қызметтерінің импортында бейрезиденттердің теміржол және автомобиль көліктерінің жүк тасымалдары бойынша көрсеткен қызметтері басым. Резиденттердің шетелге сапарлары 5,0%-ға немесе 127 млн долларға өсті. Бейрезиденттік құрылыс қызметтеріне шығыстар 39,4%-ға немесе 126 млн долларға ұлғайды, бұл бірқатар ірі ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың (оның ішінде, Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық ұшақ жайдың құрылысы) және елдің аумағы бойынша халықаралық транзиттік дәліздің учаскелерін және Нұр-Сұлтан қаласындағы жеңіл рельстік көлік жүйесін (LRT) қамтитын көлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысымен байланысты.

Бастапқы кірістер балансының теріс сальдосы 22,1 млрд долларды (2017 жылы 18,1 млрд доллар) құрады. Бұл ретте бейрезиденттерге еңбек және капитал қызметтерін көрсетуден алуға кірістер 2,6 млрд долларға дейін 6,7%-ға ұлғайды, бейрезиденттерге төлеуге кірістер 24,7 млрд долларға дейін 19,9%-ға өсті.

Еңбекке ақы төлеу. 2018 жылдың қорытындысы бойынша еңбекке ақы төлеу балансының теріс сальдосы 1,6 млрд долларды (2017 жылы 1,5 млрд доллар) құрады. Республика аумағындағы шетелдік елшіліктерде және халықаралық ұйымдардың өкілдігінде жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 4 млн долларға жуық деп бағаланды.

3- кесте

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан түскен кірістер

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Алуға арналған кірістер	2112,6	2309,4	2472,4
Тікелей инвестициялар	597,8	795,5	649,7
Жеке сектордың портфельдік инвестициялары	139,4	133,8	213,6
Бейрезиденттерге кредиттер	201,8	125,0	115,7
Шетелдік банктердегі жеке сектордың депозиттік және корреспонденттік шоттары	45,9	88,0	174,8
Ұлттық Банктің халықаралық резервтері және ҚРҰҚ активтері	1119,8	1161,2	1311,8
Басқа да инвестициялық кірістер	7,8	6,0	6,8
Төлеуге арналған кірістер	14269,1	19091,7	23112,7
Тікелей инвестициялар	11915,1	16532,0	20451,5
Портфельдік инвестициялар	1191,0	1198,5	1186,0
Бейрезиденттерден кредиттер	1133,3	1332,6	1448,5
Қазақстандық банктердегі бейрезиденттердің депозиттік және корреспонденттік шоттары	25,8	23,8	19,0
Басқа да инвестициялық кірістер	3,9	4,8	7,7
Инвестициялық кірістердің балансы	-12156,5	-16782,3	-20640,2

Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың кірістері 5,4%-ға өсті, бұл ретте қазақстандық кәсіпорындар жұмысқа тартқан бейрезиденттердің есепке алынған еңбегіне ақы төлеу 878 млн долларға дейін 2,8%-ға ұлғайды. Ресми түрде жұмыс істемейтін ТМД елдерінен еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 708 млн долларға жуық болды.

Инвестициялық кірістер балансының дефициті 20,6 млрд долларды құрады (3-кесте), 2017 жылға қатысты 23,0%-ға ұлғайды (16,8 млрд доллар).

Қазақстан экономикасына сыртқы инвестициялардан түскен кірістердің жартысынан көбі ҚРҰҚ-ның шетелдік

активтерін (Мемлекеттік басқару органдары) және Ұлттық Банктің (Орталық Банк) халықаралық резервтерін орналастыру есебінен қамтамасыз етіледі. 2018 жылы мемлекеттік сектордың (Үкіметтің және Ұлттық Банктің) шетелдік активтерінен түскен кірістер 2017 жылға қарағанда 10,9%-ға ұлғайып, 1,3 млрд. долл. құрады. Сыртқы борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдерді есепке алғанда, мемлекеттік сектордың таза инвестициялық кірісі 2017 жылмен салыстырғанда 15,1%-ға артып, 869 млн. долл. құрады (4-кесте).

Банктер секторы бойынша алынатын кірістер 35,5%-ға, ал төленетін кірістер 11,4%-ға өсті.

4- кесте

Экономиканың секторлары бойынша инвестициялық кірістер балансын бөлу

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Инвестициялық кірістер балансы	-12156,5	-16782,3	-20640,2
<i>Орталық Банк</i>	<i>168,6</i>	<i>220,8</i>	<i>246,6</i>
Алынатын кірістер	177,0	263,5	314,1
Төленетін кірістер	8,4	42,7	67,5
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>586,0</i>	<i>534,2</i>	<i>622,1</i>
Алынатын кірістер	946,0	921,2	999,7
Төленетін кірістер	360,0	386,9	377,6
<i>Банктер</i>	<i>-527,3</i>	<i>-547,6</i>	<i>-580,2</i>
Алынатын кірістер	158,5	122,7	166,3
Төленетін кірістер	685,8	670,3	746,6
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-12383,7</i>	<i>-16989,8</i>	<i>-20928,7</i>
тікелей инвестициялау операциялары бойынша алынатын кірістер	591,4	770,7	635,7
тікелей инвестициялау операциялары бойынша төленетін кірістер	11649,6	16187,3	20044,7
басқа да алынатын кірістер	239,8	231,4	356,6
басқа да төленетін кірістер	1565,4	1804,6	1876,3

Банктердің сыйақы төлемдері (капиталға қатысудан түскен кірістерді қоспағанда) 304 млн. долл. дейін 6,3%-ға азайды, оның ішінде 169 млн. долл. қазақстандық банктердің эмиссияланған борыштық бағалы қағаздары бойынша есепке жатқызылды, ал несиелер мен қарыздарға қызмет көрсетуге 115 млн. долл. жұмсалды. Басқа секторлардың кірістері бойынша 20,9 млрд. долл. теріс сальдо қалыптасты, ол 2017 жылмен салыстырғанда 23,2%-ға артық. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредитор-бейрезиденттердің нетто-кірістері 1,5 млрд. долл. дейін 3,4% -ға азайды, ал тікелей инвестициялау операциялары бойынша бейрезиденттердің нетто-кірістері 19,4 млрд. долл. дейін 25,9%-ға өсті.

Қайталама кірістер балансының профициті 2018 жылы 272 млн. долл. құрады (2017 жылы дефицит 103 млн. долл.). Оң сальдо трансферттік төлемдермен салыстырғанда неғұрлым жоғары трансферттік түсімдермен қамтамасыз етілген. Трансферттік түсімдердің 2,3 млрд. долл. дейін 11,1% -ға өсуі халықаралық ынтымақтастық және басқа операциялар аясында мемлекеттік басқару органдарының пайдасына бейрезиденттерден түскен түсімдердің ұлғаюымен, сондай-ақ жеке тұлға-резиденттердің пайдасына ақша аударымдарының өсуімен байланысты болды. 2017 жылға қарағанда трансферттік төлемдердің 2,2 млрд. доллардан 2018 жылы 2,0 млрд. долларға дейін төмендеуі

жеке тұлға-резиденттердің шетелге ақша аударымдарының қысқаруымен байланысты болды.

Мемлекеттік сектордың ағымдағы трансферттері бойынша профицит 22,1%-ға ұлғайып, 963 млн. долл. құрады. Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) пен қалған әлем арасындағы тауарлар сауда-саттығы көлемінің өсуі ЕАЭО-ға қатысушы елдер арасындағы кедендік бажды қайта бөлу көлемдерінің ұлғаюына ықпал етті. Қазақстан осы қайта бөлу нәтижесінде нетто-алушы болып табылады, яғни мемлекеттік басқару органдарының пайдасына түсімдер олардың бейрезиденттердің пайдасына төлемдерінен асып түседі.

Жеке тұлғалардың республикадан тысқары жіберген өтеусіз ақша аударымдары (жеке трансферттер) 1,1 млрд. долл. құрады, ол 2017 жылғы көрсеткіштен 7,9%-ға (немесе 93 млн. долл.) төмен. Аударымдардың қысқаруы, негізінен, Ресей Федерациясына аударымдардың азаюы (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 120 млн. долларға) есебінен болды. Сонымен бірге, есепті кезеңде Қырғызстанға (35 млн. долл.), Өзбекстанға (14 млн. долл.) және Түркияға (31 млн. долл.) аударымдардың ұлғаюы байқалды. Шетелден алынған жеке трансферттер, негізінен, Корея Республикасынан (53 млн. долл.) және Қырғызстаннан (10 млн. долл.) түсімдер есебінен 614 млн. долл. дейін 10,4%-ға (немесе 58 млн. долл.) өсті. Ресей Федерациясынан аударымдар 21 млн. долл. азайды.

5- кесте

Қаржы шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Қаршы шоты	-7894,2	-5478,4	2558,6
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	<i>10 223,4</i>	<i>2 219,0</i>	<i>-2 095,9</i>
Тікелей инвестициялар	3474,6	956,5	-4711,1
Портфельдік инвестициялар	-1250,2	-3246,9	-996,7
Туынды қаржы құралдары	-22,1	-31,7	96,2
Басқа инвестициялар	8021,1	4541,1	3515,7
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	<i>18 117,7</i>	<i>7 697,4</i>	<i>-4 654,6</i>
Тікелей инвестициялар	17221,0	4712,6	208,1
Портфельдік инвестициялар	-1996,4	2151,4	-3627,0
Туынды қаржы құралдары	2,8	-147,2	-13,2
Басқа инвестициялар	2890,3	980,6	-1222,4

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

2018 жылы **қаржы шотының** оң **сальдосы** (сыртқы активтердің таза өзгерісі мен сыртқы міндеттемелердің таза өзгерісі арасындағы айырма) 2,6 млрд. долл. (2017 жылы 5,5 млрд. долл. теріс сальдо) болды. Міндеттемелердің 2 еседен аса төмендеуі активтердің қысқаруынан асып кетті (5-кесте), бұл қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкетілуін немесе «басқа елдерді таза кредиттеуді» қамтамасыз етті.


2018 жылы елімізге капиталдың таза әкелінуі көбінесе **Банк** операцияларымен, ал таза әкетілуі **Мемлекеттік басқару органдарының** және **Басқа секторлардың** операцияларымен қамтамасыз етілді (6-кесте).

Қаржы шотының құрылымында инвестициялардың түрлері бойынша капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар бойынша, ресурстардың нетто-әкетілуі портфельдік, өзге орта және ұзақ мерзімді және басқа қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелген (2-диаграмма).

Тікелей инвестициялар

Тікелей инвестициялар бойынша (ШТИ) капиталдың таза әкетілуі (теріс

2-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)



сальдо) 2017 жылғы 3,8 млрд доллармен салыстырғанда 4,9 млрд долларды құрады (7-кесте).

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржылық активтердің таза төмендеуі 2018 жылы 4,7 млрд. долларды (2017 жылы таза өсім 1,0 млрд долларды) құрады. Тікелей инвестициялау операциялары бойынша резиденттердің активтері төмендеуі негізінен шетелдік үлестес компаниялардың қазақстандық кәсіпорындар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуіне, сондай-ақ бейрезиденттердің төлем балансының сыныптауышы бойынша капиталды алып алу ретінде қаралатын қазақстандық резиденттердің пайдасына ірі төлемдерді (супердивидендтерді) жасауына байланысты болды.

6- кесте

Экономика секторларына бөлінген қаржы шотының балансы

("+" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Қаршы шоты (резервтік активтерді қоспағанда)	-7894,2	-5478,4	2558,6
<i>Орталық Банк</i>	19,9	-14,9	313,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	-108,6	144,9	226,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	55,3	112,3	203,1
<i>Банктер</i>	2 633,4	1 017,7	-457,6
Қаржы активтерін таза сатып алу	1 770,6	49,9	-487,3
о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	28,1	37,9	42,9
Міндеттемелерді таза қабылдау	-862,8	-967,8	-29,7
о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	198,9	109,3	394,8
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-1 825,2	-5 746,4	2 046,3
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1 752,0	-6 168,9	1 777,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	73,2	-422,4	-268,6
<i>Басқа секторлар</i>	-8 722,4	-734,8	656,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	10 313,4	8 193,1	-3 612,8
о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	3 391,3	806,3	-4 957,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	19 035,8	8 927,8	-4 269,3
о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	17 022,0	4 603,4	-186,8

7- кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Тікелей инвестициялар (нетто)	-13746,4	-3756,1	-4919,2
активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
қаржы активтерін таза сатып алу	3474,6	956,5	-4711,1
міндеттемелерді таза қабылдау	17221,0	4712,6	208,1
«салым бағыты» қағидаты бойынша			
шетелге тікелей инвестициялар (таза әкету)	-5 234,9	913,2	-1 102,6
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкелу)	8 511,5	4 669,3	3 816,6
Анықтама үшін:			
Қазақстанға шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	21 366,7	20 960,4	24 275,6
Қазақстанның тікелей инвесторларынан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы әкетілуі	4 289,6	1 992,8	1 318,5

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 208 млн доллар (2017 жылы 4,7 млрд доллар) мөлшерінде қалыптасты. Өсім кірістерді 6,9 млрд долларға қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілді. Сонымен қоса, бейрезиденттерге супердивидендтерді

төлеу капиталды алып алуға әкелді және резиденттердің ШТИ операциялары бойынша міндеттемелері өсуін өтеді. Бұдан басқа, есепті кезеңде қазақстандық кәсіпорындардың үлестес тұлғалар алдындағы фирмааралық берешегін өтегені тіркелді.

8- кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфель инвестициялары бойынша операциялар

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1 250,2	-3 246,9	-996,7
<i>Орталық Банк</i>	-75,5	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-75,5	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	150,6	872,2	-91,9
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-0,8	-0,3	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	151,4	872,6	-91,9
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-2 533,9	-5 803,8	-854,3
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	1 201,5	850,6	-24,8
Борыштық бағалы қағаздар	-3 735,4	-6 654,4	-829,6
<i>Басқа секторлар</i>	1 208,6	1 684,7	-50,4
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-43,4	366,0	-59,8
Борыштық бағалы қағаздар	1 252,1	1 318,7	9,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 996,4	2 151,4	-3 627,0
<i>Орталық Банк</i>	219,4	207,1	-75,2
Борыштық бағалы қағаздар	219,4	207,1	-75,2
<i>Банктер</i>	-911,9	-836,6	-164,5
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-14,4	4,5	2,2
Борыштық бағалы қағаздар	-897,6	-841,1	-166,7
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-1 014,4	-290,3	1,7
Борыштық бағалы қағаздар	-1 014,4	-290,3	1,7
<i>Басқа секторлар</i>	-289,5	3 071,2	-3 389,0
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-12,7	17,4	-1 522,2
Борыштық бағалы қағаздар	-276,8	3 053,8	-1 866,9
Портфель инвестицияларының балансы	746,2	-5 398,3	2 630,4

«Салым бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі 2018 жылы 24,3 млрд долларды (2017 жылы 21,0 млрд долларды) құрады. ШТИ жалпы әкелінуінің жартысына жуығын (49,8%) өңделмеген мұнай және табиғи газды өндіруге салым құрайды, олар 12,1 млрд долларға дейін 25,7%-ға ұлғайды. Металлургия өнеркәсібіне шетелдік тікелей инвестициялардың салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 11,3%) 38,3% төмендеп, 2,7 млрд доллар болды, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 13,5%) 3,9%-ға немесе 3,3 млрд долларға дейін ұлғайды.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 30,3%) басым болып

келеді, одан кейін АҚШ (22,0%), Швейцария (10,5%), Ресей Федерациясы (6,2%), Қытай (6,1%), Бельгия (4,3%), Франция (3,8%), Ұлыбритания (2,4%) және Корея Республикасы (2,0%)..

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар балансы резиденттердің активтері аздап төмендеуі кезінде міндеттемелері біршама қысқаруы есебінен 2,6 млрд доллар оң сальдомомен (2017 жылы 5,4 млрд доллар теріс сальдо) қалыптасты (8-кесте).

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерінің 1,0 млрд долларға (2017 жылы 3,2 млрд доллар) төмендеуі резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарды сатуына байланысты болды.

9- кесте

Резиденттердің "Басқа инвестициялар" бабында көрсетілген міндеттемелерді таза қабылдауы

("+" – міндеттемелердің өсуі, "-" – міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1,8	1,8	2,3
Басқа секторлар	1,8	1,8	2,3
Орта және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	2 697,6	46,6	-2 491,9
Орталық Банк	-250,4	-37,2	-10,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-250,4	-37,2	-10,0
Банктер	52,9	-235,2	-645,7
Қолма-қол валюта мен депозиттер	7,7	28,7	134,4
Кредиттер мен қарыздар	45,2	-263,9	-780,1
Мемлекеттік басқару органдары	1 093,0	-139,9	-274,7
Кредиттер мен қарыздар	1 130,9	-138,7	-274,7
Басқа да міндеттемелер	-37,8	-1,1	0,0
Басқа секторлар	1 802,1	458,9	-1 561,5
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік беру бағдарламалары	1,6	29,5	7,4
Кредиттер мен қарыздар	1 820,4	630,8	-1 712,7
Сауда кредиттері мен аванстар	-275,4	-153,7	149,4
Басқа да міндеттемелер	255,4	-47,7	-5,5
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	190,9	932,1	1 267,2
Орталық Банк	-97,5	-10,1	-1,8
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-95,9	-8,6	-2,8
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	-1,5	0,9
Басқа да міндеттемелер	-1,6	0,0	0,0
Банктер	-204,6	132,0	362,7
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-122,4	78,8	248,3
Кредиттер мен қарыздар	-81,9	39,8	21,8
Басқа да міндеттемелер	-0,3	13,4	92,6
Мемлекеттік басқару органдары	-5,5	7,8	4,4
Сауда кредиттері мен аванстар	-5,5	7,8	4,4
Басқа секторлар	498,6	802,4	901,9
Кредиттер мен қарыздар	156,5	198,1	128,7
Сауда кредиттері мен аванстар	320,1	677,3	763,1
Басқа да міндеттемелер	21,9	-72,9	10,1
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	2 890,3	980,6	-1 222,4

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің 3,6 млрд долларға азаюы (2017 жылы 2,2 млрд долларға ұлғаюы) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ өз акцияларын және ауқымды депозитарлық қолхаттарды (2018 жылғы 1-тоқсанда) сатып алуы және Қазақстанның кәсіпорындары мен банктерінің бұрын олар шығарған еурооблигацияларын өтеуі салдарынан қалыптасты. Мұның үстіне резиденттердің портфель инвестицияларындағы міндеттемелерінің азаюына резиденттердің қайталама нарықта ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын сатып алуы ықпал етті. Оған қоса, 2018 жылғы 4-тоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің 1,05 млрд еуро сомаға еурооблигациялардың жаңа шығарылымдары және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 451 млн доллар мөлшеріндегі жалпы сомаға өз акциялары мен депозитарлық қолхаттарын орналастыру резиденттердің портфель инвестициялары бойынша міндеттемелерінің төмендеуін ішінара өтеді.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша оң сальдо 109 млн долларды (2017 жылы 115 млн доллар) құрады. Туынды құралдармен операциялар негізінен Қазақстан банктері

мен банктік емес ұйымдары, сондай-ақ ҚРҰҚ шетелдік активтерімен жасалды.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша оң сальдо активтердің 3,5 млрд долларға өсуі және міндеттемелердің 1,2 млрд долларға қысқаруы нәтижесінде 4,7 млрд доллар (2017 жылы 3,6 млрд доллар) болып қалыптасты.

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 2,5 млрд долларға (9-кесте) азаюы Қазақстан банктерінің, мемлекеттік басқару органдарының және банктік емес секторы кәсіпорындарының бейрезиденттерден алынған кредиттер мен қарыздар бойынша міндеттемелерін өтеуімен байланысты.

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 1,3 млрд долларға өсуі банктік емес секторлардағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қысқа мерзімді кредиттері мен қарыздары бойынша кредиторлық берешегінің өсуімен, сондай-ақ бейрезиденттердің Қазақстан банктеріндегі шоттарындағы қаражаттарының ұлғаюымен байланысты болды.

10- кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген қаржы активтерін таза сатып алуы

("+"- активтердің ұлғаюы, "-" - активтердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2016	2017	2018
Орталық Банк	-88,3	32,6	23,3
Қолма-қол валюта және депозиттер	-308,5	-49,2	-1,8
Кредиттер мен қарыздар	220,2	81,8	25,2
Банктер	1 601,8	-839,6	-504,9
Қолма-қол валюта және депозиттер	1 902,8	-790,3	-260,8
Кредиттер мен қарыздар	-280,6	-68,5	-313,3
Басқа да талаптар	-20,4	19,2	69,2
Мемлекеттік басқару органдары	769,1	-352,2	2 602,0
Капиталға қатысудың басқа құралдары	38,1	35,6	29,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	750,9	-379,0	2 601,9
Кредиттер мен қарыздар	0,3	-7,9	-6,2
Сауда кредиттері мен аванстар	-20,5	-0,9	-23,3
Басқа да талаптар	0,3	0,0	0,0
Басқа секторлар	5 738,5	5 700,3	1 395,2
Капиталға қатысудың басқа құралдары	-60,5	3,2	7,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	6 546,5	1 991,5	-2 895,6
Кредиттер мен қарыздар	-469,7	27,5	171,2
Сауда кредиттері мен аванстар	-49,0	147,1	24,9
Басқа да талаптар	-228,8	3 531,0	4 087,2
Қаржылық активтерді таза сатып алу, барлығы	8021,1	4541,1	3515,6


Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері негізінен Ұлттық қор активтерінің шетелдік шоттарда ұлғаюы және халықтың қолындағы қолма-қол шетел валютасының (ҚШВ) ұлғаюы есебінен (төлем балансында сыныпталмаған жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операцияларына қатысты жүргізілген Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) 3,5 млрд долларға ұлғайды (10-кесте). Сонымен қатар, банктер мен банктік емес ұйымдар активтерінің шетелдік шоттардағы қысқаруы Басқа инвестициялар бабы бойынша активтердің өсуін ішінара жинақтады.

Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі қаржылық шотта тіркелген жеке сектордың операцияларын, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша сыныпталмаған операцияларды (қателер мен олқылықтар) қамтиды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша жеке сектордың капиталды таза әкелу қалыптасты (4-диаграмма).

Жеке сектор операциялары бойынша капиталды әкетудің нетто-көрсеткіші 682 млн долларға бағаланды, ал 2017 жылы капиталды таза әкету 2,4 млрд доллар болды. Банктердің операциялары бойынша 458 млн доллар мөлшерінде капиталдың таза әкелінуі банктердің шетелдік шоттардағы активтерінің азаюына және бейрезиденттердің қазақстандық банктер алдындағы кредиттер мен қарыздар бойынша міндеттемелерді өтеуіне байланысты.

Банктік емес сектор бойынша капиталды таза әкелу 224 млн долларды құрады және бейрезиденттердің ШТИ операциялары бойынша өзінің борыштық міндеттемелерін өтеумен, бейрезиденттердің супердивиденттерді ірі төлеулерімен, сондай-ақ қазақстандық эмитенттердің еурооблигацияларының жаңа шығарылымдарымен қамтамасыз етілді.

3-диаграмма. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі (+)/әкетуі (-) (млрд АҚШ доллары)



4-диаграмма. ҚРҰБ-тың халықаралық резервтерінің серпіні (млрд АҚШ доллары)



Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша резервтік активтер 2018 жылы 1,5 млрд долларға қысқарды. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша монетарлық алтынның нақты көлемі мен бағасының өсуі есебінен резервтік активтер (ҚРҰҚ активтерін есепке алмағанда) 30,9 млрд доллар болды (5-диаграмма), бұл тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортының 8,2 айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2016	2017	2017				2018	2018			
			I	II	III	IV		I	II	III	IV
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 132,1	-5 101,9	-1 444,9	-1 258,2	-1 533,9	-864,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8
Сауда балансы	9 253,4	16 727,8	4 265,2	4 070,5	3 371,5	5 020,6	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3
Экспорт	35 485,8	47 301,0	10 540,2	11 946,3	11 254,3	13 560,3	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5
Импорт	26 232,4	30 573,2	6 274,9	7 875,8	7 882,8	8 539,7	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2
Қызмет балансы	-3 762,4	-3 577,8	-845,3	-735,6	-845,4	-1 151,5	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6
Экспорт	6 084,5	6 504,9	1 416,2	1 679,4	1 819,7	1 589,5	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7
Импорт	9 846,9	10 082,6	2 261,5	2 415,0	2 665,2	2 741,0	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4
Бастапқы кірістер балансы	-13 450,3	-18 148,5	-4 828,9	-4 573,1	-4 054,6	-4 691,9	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 433,7	-1 501,3	-333,9	-354,0	-396,5	-416,9	-1 582,0	-355,4	-395,7	-429,0	-401,9
Инвестициялық кірістер	-12 156,5	-16 782,3	-4 528,8	-4 252,9	-3 691,9	-4 308,8	-20 640,2	-5 861,1	-5 481,2	-5 216,4	-4 081,5
Алынатын кірістер	2 112,6	2 309,4	515,4	576,6	585,4	632,0	2 472,4	584,4	632,8	647,6	607,6
Тікелей инвестициялардан кірістер	597,8	795,5	163,3	199,5	197,3	235,4	649,7	156,2	157,0	184,6	151,9
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 084,7	1 031,4	251,1	267,4	251,4	261,5	1 211,3	287,1	326,2	294,7	303,3
Басқа инвестициялардан кірістер	430,0	482,5	101,0	109,7	136,7	135,0	611,4	141,2	149,6	168,2	152,4
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 119,8	1 161,2	269,9	299,3	295,2	296,8	1 311,8	313,4	355,0	323,5	319,9
Төленетін кірістер	14 269,1	19 091,7	5 044,2	4 829,5	4 277,2	4 940,8	23 112,7	6 445,5	6 114,1	5 864,0	4 689,1
Тікелей инвестициялардан кірістер	11 915,1	16 532,0	4 442,5	4 170,3	3 628,7	4 290,5	20 451,5	5 764,1	5 389,8	5 185,5	4 112,1
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 191,0	1 198,5	273,6	329,5	288,3	307,2	1 186,0	302,4	376,0	279,5	228,1
Басқа инвестициялардан кірістер	1 163,0	1 361,2	328,0	329,8	360,2	343,1	1 475,2	379,1	348,3	398,9	349,0
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	-172,7	-103,4	-35,9	-20,0	-5,4	-42,1	272,3	21,9	18,6	152,1	79,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	269,5	346,8	13,9	275,9	29,5	27,6	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-7 894,2	-5 478,4	-1 599,5	-470,6	-3 942,5	534,2	2 558,6	1 000,8	394,2	398,6	765,0
Тікелей инвестициялар	-13 746,4	-3 756,1	-2 022,3	-1 227,6	339,4	-845,6	-4 919,2	-3 546,3	-729,0	-825,0	181,1
Қаржылық активтерді таза алу	3 474,6	956,5	458,7	1 035,0	709,6	-1 246,8	-4 711,1	-2 505,9	-860,4	-274,0	-1 071,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	17 221,0	4 712,6	2 481,0	2 262,7	370,1	-401,2	208,1	1 040,4	-131,4	551,0	-1 252,0
Портфельдік инвестициялар	746,2	-5 398,3	1 229,3	-3 362,0	-6 107,5	2 841,9	2 630,4	1 642,6	374,4	1 029,2	-415,9
Қаржылық активтерді таза алу	-1 250,2	-2 246,9	1 378,3	-1 507,9	-5 436,3	2 318,9	-996,7	124,8	-738,4	-1 303,0	919,9
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-2 609,5	-5 803,8	967,3	-1 057,1	-6 826,7	1 112,6	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2
Банктер	150,6	872,2	-43,4	172,4	269,1	474,1	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6
Басқа секторлар	1 208,6	1 684,7	454,4	-623,2	1 121,4	732,1	-50,4	542,8	-592,6	910,3	-910,9
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 996,4	2 151,4	149,0	1 854,1	671,3	-523,0	-3 627,0	-1 517,8	-1 112,8	-2 332,2	1 335,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-795,0	-83,2	404,8	-42,8	-111,2	-334,1	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0
Банктер	-911,9	-836,6	-379,9	-588,3	-77,3	209,0	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0
Басқа секторлар	-289,5	3 071,2	124,2	2 485,2	859,7	-397,9	-3 389,0	-1 690,7	-199,9	-1 881,3	382,8
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-24,8	115,5	83,9	59,8	-20,4	-7,8	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2
Басқа инвестициялар	5 130,8	3 560,6	-890,5	4 059,2	1 846,0	-1 454,2	4 738,1	2 903,9	677,2	157,0	999,9
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	-24,2	37,0	35,4	1,7	0,0	-0,1	34,9	29,5	0,6	2,1	2,6
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-4 218,5	-466,0	-143,8	887,3	-935,6	-273,9	2 487,2	328,4	-15,9	905,9	1 268,8
Қаржылық активтерді таза алу	-1 520,9	-419,4	-319,6	245,3	-300,7	-44,4	-4,6	-54,3	-136,4	334,1	-148,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-188,8	-33,6	-14,4	-2,3	-10,6	-6,3	-14,0	0,8	-1,9	-4,8	-8,1
Банктер	-316,1	-44,9	26,2	-10,6	-19,1	-41,4	-44,2	-46,3	15,7	-5,0	-8,6
Басқа секторлар	-1 016,0	-340,8	-331,4	258,2	-271,0	3,3	53,6	-8,7	-150,2	343,8	-131,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 697,6	46,6	-175,8	-642,0	634,9	229,5	-2 491,9	-382,7	-120,5	-571,9	-1 416,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	842,6	-177,1	-97,3	-48,7	-45,6	14,5	-284,7	-99,7	-69,7	-78,0	-37,3
Банктер	52,9	-235,2	-281,2	-48,1	69,9	24,2	-645,7	-420,3	33,9	-360,7	101,5
Басқа секторлар	1 802,1	458,9	202,7	-545,2	610,7	190,8	-1 561,5	137,3	-84,7	-133,2	-1 480,9
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	9 373,4	3 989,6	-782,1	3 170,2	2 781,7	-1 180,2	2 216,0	2 546,0	692,6	-751,1	-271,5
Қаржылық активтерді таза алу	9 564,4	4 921,7	-651,0	3 381,0	3 213,3	-1 021,6	3 483,2	2 412,8	1 222,9	-63,8	-88,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	190,9	932,1	131,1	210,8	431,6	158,6	1 267,2	-133,2	530,3	687,3	182,7
Қателер және қалып қойғандар	-103,4	-2 088,9	-729,5	197,9	-1 145,8	-411,5	880,7	930,2	655,7	698,4	-1 403,6
Жалпы баланс	71,7	1 365,5	561,0	313,8	-1 292,3	1 783,0	1 526,2	893,6	89,5	-109,7	652,8
Қаржыландыру	-71,7	-1 365,5	-561,0	-313,8	1 292,3	-1 783,0	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-71,7	-1 365,5	-561,0	-313,8	1 292,3	-1 783,0	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0					0,0				
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0					0,0				

Деректер 2012 жылдан бастап жеке тұлғалардың операциялары бойынша бағалау көрсеткіштерін, төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлардың экспортын қайта қарауға және Қазақстан Республикасы аумағында құрылыс және бұрғылау жұмыстарын жүзеге асыратын шетелдік компаниялардың филиалдарының резиденттік тәсілдеріне байланысты жаңартылды

Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2016	2017	2017				2018	2018			
			I	II	III	IV		I	II	III	IV
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 132,1	-5 101,9	-1 444,9	-1 258,2	-1 533,9	-864,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8
Сауда балансы	9 253,4	16 727,8	4 265,2	4 070,5	3 371,5	5 020,6	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3
Экспорт	35 485,8	47 301,0	10 540,2	11 946,3	11 254,3	13 560,3	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5
Импорт	26 232,4	30 573,2	6 274,9	7 875,8	7 882,8	8 539,7	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2
Қызмет балансы	-3 762,4	-3 577,8	-845,3	-735,6	-845,4	-1 151,5	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6
Экспорт	6 084,5	6 504,9	1 416,2	1 679,4	1 819,7	1 589,5	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7
Импорт	9 846,9	10 082,6	2 261,5	2 415,0	2 665,2	2 741,0	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4
Бастапқы кірістер балансы	-13 450,3	-18 148,5	-4 828,9	-4 573,1	-4 054,6	-4 691,9	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 433,7	-1 501,3	-333,9	-354,0	-396,5	-416,9	-1 582,0	-355,4	-395,7	-429,0	-401,9
Инвестициялық кірістер	-12 156,5	-16 782,3	-4 528,8	-4 252,9	-3 691,9	-4 308,8	-20 640,2	-5 861,1	-5 481,2	-5 216,4	-4 081,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	754,6	755,0	155,5	227,6	172,3	199,6	868,7	182,8	252,0	202,2	231,8
Алынатын кірістер	1 123,0	1 184,7	270,1	322,1	295,7	296,9	1 313,8	313,5	355,0	323,7	321,5
Төленетін кірістер	368,4	429,6	114,6	94,5	123,3	97,3	445,1	130,8	103,1	121,6	89,7
Банктер	-527,3	-547,6	-115,2	-199,9	-114,5	-118,0	-580,2	-193,4	-173,1	-105,0	-108,8
Алынатын кірістер	158,5	122,7	30,7	25,3	30,3	36,4	166,3	24,5	37,0	58,5	46,2
Төленетін кірістер	685,8	670,3	145,8	225,2	144,8	154,4	746,6	217,9	210,1	163,5	155,0
Басқа секторлар	-12 383,7	-16 989,8	-4 569,0	-4 280,6	-3 749,7	-4 390,5	-20 928,7	-5 850,5	-5 560,1	-5 313,5	-4 204,5
Алынатын кірістер	831,2	1 002,0	214,7	229,2	259,4	298,7	992,3	246,3	240,8	265,4	239,9
Төленетін кірістер	13 214,9	17 991,8	4 783,7	4 509,8	4 009,1	4 689,2	21 921,0	6 096,9	5 800,9	5 578,9	4 444,4
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8
